

Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 маусымдағы № 431 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 маусымда № 6264 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауына өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 13.12.2023 № 83 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 13.12.2023 № 83 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 13.12.2023 № 83 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Б. БЕРКІМБАЕВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

Облыстық мәслихаттың
2019 жылғы 19 маусымдағы
№ 431 шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 13.12.2023 № 83 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың атауы | Қатынастың түрі |
|----|---|------------------|
| 1. | Ақтөбе - Алға | Алға ауданы |
| 2. | Ақтөбе - Маржанбұлақ | |
| 3. | Ақтөбе - Темірбек Жүргенов | Әйтеке би ауданы |

| | | | | |
|-----------------|---|------------------|------------|----------------|
| 4. | Ақтөбе - Қарауылкелді | Байғанин ауданы | облысшілік | |
| 5. | Ақтөбе - Бадамша | Қарғалы ауданы | | |
| 6. | Ақтөбе - Ырғыз | Ырғыз ауданы | | |
| 7. | Ақтөбе - Қобда | Қобда ауданы | | |
| 8. | Ақтөбе - Сарыжар | Мәртөк ауданы | | |
| 9. | Ақтөбе - Родниковка | | | |
| 10. | Ақтөбе - Мәртөк | | | |
| 11. | Ақтөбе - Мәртөк - Жайсаң | | | |
| 12. | Ақтөбе - Қандыағаш | Мұғалжар ауданы | | |
| 13. | Ақтөбе - Ембі | | | |
| 14. | Ақтөбе - Ойыл | Ойыл ауданы | | |
| 15. | Ақтөбе - Шұбарқұдық | | | |
| 16. | Ақтөбе - Кеңкияқ - Саркөл | | | |
| 17. | Ақтөбе - Жанажол | | | |
| 18. | Ақтөбе - Хромтау | | | Хромтау ауданы |
| Хромтау ауданы | | | | |
| 19. | Ақжол дүкені - 22 квартал шағын ауданы | Хромтау қаласы | | қалалық |
| 20. | Жаңа станция шағын ауданы - 22 квартал шағын ауданы | | | |
| 21. | Дөң ауылдық әкімдігі - Казпошта | | | |
| Қобда ауданы | | | | |
| 22. | Қобда - Көкүй | | ауданшілік | |
| 23. | Әль-Фараби көшесі - Мешіт | Қобда ауылы | ауылдық | |
| Мұғалжар ауданы | | | | |
| 24. | Шапағат ауруханасы - Самал шағын ауданы | Қандыағаш қаласы | қалаішілік | |
| 25. | Шапағат ауруханасы - Сәкен Сейфуллин көшесі | | | |